



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 12 қараша N 3216. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.11.14. N 4152 жарлығымен. ~U984152

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Z952733_

Конституциялық заң күші бар Жарлығының 33-бабының 2-тармағының 3-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 12 қарашадағы
N 3216 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына Z952733

_ сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Республиканың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ереже Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебінің мәртебесін, жоғары әкімшілік кадрларын даярлауды қамтамасыз ету, мемлекеттік аппаратқа Қазақстан Республикасының жоғары білікті азаматтарын тарту, мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет проблемалары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі міндеттері мен қызметін ұйымдастыруды белгілейді.

I бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі (бұдан әрі - ҰЖМБМ):

Республика Президенті құратын, қайра құратын және тарататын мемлекеттік мекеме;

мемлекеттік қызметтің кадрлар резервін қалыптастыру жүйесіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары оқу мекемесі;

орталықтағы және жергілікті жерлердегі мемлекеттік өкімет органдарының басшы қызметкерлері мен мамандарын оқытудың бас ғылыми-әдістемелік орталығы;

заңды тұлға болып табылады.

2. ҰЖМБМ-ді қаржыландыру көздері:

Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті:

ынтымақтастық туралы, соның ішінде шетелдік әріптестермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы шарттар бойынша келіп түсетін қаражат;

шаруашылық қызметінен түсетін кірістер және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да кірістер болып табылады.

3. ҰЖМБМ-нің негізгі міндеттері мен қызметтері:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің басшы қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

мемлекеттік қызмет жүйесінде өзекті проблемаларды шешуге бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік басқару жүйесін реформалау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, мемлекеттік қызмет реформасының тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

мемлекеттік өкімет органдарының тапсырыстары бойынша мемлекеттік кадр саясаты жөнінде ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету және ұсыныстар әзірлеу;

мемлекеттік басқару саласында ғылыми және ғылыми-педагогикалық

кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

мемлекеттік қызмет саласында шетелдік тәжірибені зерделеу және осы тәріздес шетелдік мемлекеттік ұйымдармен, мекемелермен, оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, Республиканың әкімшілік кадрларын даярлауға шетелдік ғалымдарды, оқытушылар мен мамандарды тарту, бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

II бөлім. ҰЖМБМ-нің құқықтары

4. Алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындауда ҰЖМБМ-нің мынадай құқықтары болады:

өз қызметінің барлық түрлерін дербес жоспарлау;
шетелдік ғалымдар мен мамандарды қоса алғанда, жұмысқа қызметкерлер қабылдаудың конкурстық немесе контракттылық жүйесін жүзеге асыру;
өзіндік ұйымдық құрылымы мен штат кестесін әзірлеу; еңбекті ұйымдастыру мен ынталандыру нысандарын айқындау;

ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын әзірлеу және осындай зерттеулерді қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін пайдалану; мемлекеттік органдардың тапсырыстары бойынша нысаналы ғылыми зерттемелерді жүзеге асыру, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығының деңгейін талдау, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөнінде сарапшылық бағалаулар мен ұсыныстар енгізу;

бітірушілерге мемлекеттік дипломдар, омырауға тағатын белгілер, белгіленген үлгідегі айғақтамалар мен куәліктер беріп отыру;

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерімен, сондай-ақ ТМД елдерімен, шетелдік фирмалармен және азаматтармен келісімдер бойынша ақылы негізде мамандар даярлау ісін жүргізу;

белгіленген тәртіппен ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау үшін докторантура, аспирантура және ізденушілік ұйымдастыру;

оқытушылар мен қызметкерлерді жоғары оқу орындары мен ғылыми

ұйымдарға, соның ішінде шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарға тағылымдамаға жіберіп отыру;

ғылыми форумдар (конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, коллоквиумдар және т.б.) ұйымдастырып отыру;

ғылыми еңбектер мен оқу-әдістемелік әдебиеттер, мерзімдік

басылымдар шығару, деректердің ғылыми-техникалық негіздерін қалыптастыру;

ҰЖМБМ алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

шаруашылық қызмет есебінен түскен қаражатты өз бетімен жұмсау;

Қазақстан Республикасының заңдары мен ҰЖМБМ-нің міндеттеріне қайшы келмейтін шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

III бөлім. ҰЖМБМ-ді басқару және оның қызметкерлерінің мәртебесі

5. Қазақстан Республикасының Президенті ҰЖМБМ-нің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі жүйесіндегі негізгі мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, ҰЖМБМ-нің директорын қызметке тағайындайды және атқаратын қызметінен босатады.

6. Үкімет Президент Әкімшілігімен келісе отырып ҰЖМБМ-ге тыңдаушыларды кезекті қабылдау жөнінде жария етеді.

7. Президент Әкімшілігі Үкімет Аппаратымен бірлесіп: тыңдаушыларды қабылдау жоспарын белгілейді және бітірушілерді таратып бөледі.

қысқа мерзімді біліктілігін арттыру курстарына мемлекеттік қызметшілерді қабылдау жоспарын белгілейді;

ҰЖМБМ тыңдаушыларының мемлекеттік органдарда, соның ішінде шетелдік мемлекеттік органдарда тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға жалпы басшылықты жүзеге асырады;

ҰЖМБМ-ге қабылдау ережелерін және қабылдау комиссиясы туралы Ережені бекітеді, қабылдау комиссиясы мен мемлекеттік аттестациялық комиссияның құрамдарын жасақтайды;

оқу бағдарламалары мен ғылыми зерттеулердің жоспарларына сараптаманы жүзеге асырады;

осы Ережеде белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру жөнінде басқа да шараларды қолданады.

8. Президент Әкімшілігінің Басшысы директордың ұсынуы бойынша ҰЖМБМ директорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

9. ҰЖМБМ директоры ҰЖМБМ-ге тікелей басшылықты жүзеге асырады,

оған жүктелген міндеттердің орындаулы үшін жауап береді:

ҰЖМБМ қызметкерлерінің штат кестесін, қызметтік міндеттерін бекітеді;
директордың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстарды Президент Әкімшілігі Басшысының қарауына енгізеді;
қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және босатуды жүзеге асырады;
қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ҰЖМБМ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары мен мөлшерін анықтайды;

Үкіметке тыңдаушыларды кезекті қабылдауды өткізу туралы ұсыныс енгізеді;

мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда, ғылыми және басқа мекемелерде ҰЖМБМ атынан өкілдік етеді;

белгіленген тәртіппен ҰЖМБМ мүлкі мен қаражатына иелік етеді, ҰЖМБМ қаржы қорларын құрады және оларды пайдалану тәртібін белгілейді, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктерде шоттар ашады;

қызметтік және қаржы құжаттамаларына қол қояды;

ҰЖМБМ қызметкерлерін ынталандыру шараларын қолданады және оларға тәртіптік жазалар белгілейді;

ҰЖМБМ Кеңесінің жұмысын және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

10. ҰЖМБМ Кеңесі Жоғары алқалы орган болып табылады. Оның құрамы, өкілеттігі мен қызметінің тәртібі ҰЖМБМ директоры бекітетін Ережемен айқындалады.

11. ҰЖМБМ қызметкерлерінің кадрлық құрамы қызметкерлер мен ҰЖМБМ қызметін техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуші адамдардан тұрады.

Профессор - оқытушылар құрамы ҰЖМБМ-нің қызметіне контракттылық негізде немесе сағат бойынша ақы төлеу шартында тартылады.

12. ҰЖМБМ-нің оқу-педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізетін қызметкерлеріне ҰЖМБМ-де жұмыс істеген уақыты педагогикалық стажға есептеледі.

13. ҰЖМБМ қызметкерлеріне материалдық-тұрмыстық, медициналық, санаторий-курорттық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

IV бөлім. ҰЖМБМ тыңдаушыларының мәртебесі

14. ҰЖМБМ тыңдаушыларының контингенті қабылдау ережелеріне сәйкес жасақталады.

15. ҰЖМБМ тыңдаушыларына бұрынғы жұмыс орнындағы жалақысы мөлшерінде стипендиялар тағайындалады, бірақ ол жоғары оқу орындарының

аспиранттары үшін тағайындалған стипендиялар мөлшерінен төмен болмайды.

ҰЖМБМ-де оқыған уақыты тыңдаушылардың мемлекеттік қызмет стаждарына есептеледі, оларға және олардың отбасы мүшелеріне бұрынғы жұмыс орындары бойынша көзделген материалдық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету жағдайлары заңдарға сәйкес сақталады.

Басқа қаладан келген тыңдаушылар мен аспиранттарға оқу мерзіміне жатақхана беріледі.

16. ҰЖМБМ тыңдаушыларының:

оқудағы жетістіктері мен ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметке белсене қатысқаны үшін моральдық ынталандыруға және материалдық сыйақы алуға;

жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттары үшін тағайындалған жеңілдіктерді пайдалануға;

ҰЖМБМ-ді бітірушілердің ассоциацияларын құруға құқығы бар.

17. ҰЖМБМ тыңдаушылары қызметтік құпияны сақтауға міндетті.

18. ҰЖМБМ-нің ішкі тәртібі ережелерін бұзғаны немесе мемлекеттік қызметші атағына кір келтіретін қылығы үшін тыңдаушыларға ҰЖМБМ-нен шығарып тастауға дейін тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

19. ҰЖМБМ тыңдаушылары Президент Әкімшілігі мен Үкімет Аппаратының кадрлар резервін құрайды.

Оқуды бітіргеннен кейін тыңдаушыларға оқуға түскенге дейін атқарған лауазымынан кем түспейтін қызметке орналастырылуына кепілдік беріледі.

ҰЖМБМ-ді бітірушілер мемлекеттік қызметте кемінде бес жыл жұмыс істеуге міндетті, бұған ақы төлеу негізінде оқыған адамдар қосылмайды, олар жұмысқа өз бетімен орналасады.

20. ҰЖМБМ-нің оқу бағдарламасын ойдағыдай тәмамдаған тыңдаушыларға оған бітірушінің қорытынды рейтингтік бағасы туралы қосымшасы бар диплом, сондай-ақ белгіленген үлгідегі омырауға тағатын белгі беріледі.

21. ҰЖМБМ бітірушісі дипломының мәртебесі мен омырауға тағатын белгінің үлгісін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

22. ҰЖМБМ бітірушісінің дипломы бітірушінің мемлекеттік қызмет бабында басым жоғарылауы үшін негіз болып табылады.

ҰЖМБМ-ге түскенге дейін мемлекеттік қызмет стажы болмаған адамдарға диплом, сондай-ақ мемлекеттік қызмет лауазымына конкурстан тыс тағайындалу құқығын береді.

23. Қысқа мерзімді курстарды бітірген мемлекеттік қызметшілер белгіленген үлгідегі ҰЖМБМ куәлігін алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК